



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 21 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І  
2 0 0 8 жылғы 25 маусым**

**Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2008 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын **жылдық 10,5%** деңгейінде белгілеуге қаулы шығарды.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасының төмендеуі қаржы нарығындағы кірістіліктің төмендеуіне әкелуі тиіс, бұл банк секторының кредиттік белсенділігін қолдауға және тиісінше, экономиканың өсуіне ықпал етеді.

2008 жылғы 2-жартыжылдықта Ұлттық Банк жылдық инфляцияның баяулауын күтеді, нәтижесінде 2008 жылдың аяғында ресми қайта қаржыландыру ставкасының деңгейі нақты көрсетуде әлсіз оң болып қалыптасты.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасының алдыңғы мәні жылдық 11,0% болды.

**Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері туралы**

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін өзгертті. Ішкі міндеттемелер бойынша 6% және өзге міндеттемелер бойынша 8% мөлшеріндегі қолданылып жүрген нормативтердің орнына ішкі міндеттемелер бойынша 5% және өзге міндеттемелер бойынша 7% деңгейінде жаңа нормативтер енгізіледі.

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері осындай шешім қабылданғаннан кейін бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі. Тиісінше, жаңа нормативтер 2008 жылғы 29 шілдеден бастап күшіне енеді.

Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін төмендету банктерге бағалау бойынша, шамамен 90 млрд. теңгені босатуға мүмкіндік береді. Босатылған қаражат банктердің кредиттік белсенділігін қолдауға бағытталуы мүмкін.

Жаңа нормативтерді енгізу ішкі міндеттемелер бойынша 5% және өзге міндеттемелер бойынша 10% деңгейіндегі ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерінің 2008 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енуінің күшін жояды.

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту туралы**

Қазақстанның банк жүйесіне халықтың сенімін арттыру, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ҚДКҚ-ның жалғыз акционері ретінде Ұлттық Банктің Басқармасы оның жарғылық капиталын 14 млрд. теңгеден 30 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға шешім қабылдады.